

Ленин тууы

Шығуына
26-ші жыл
№ 248
(6949)
1944 жыл
Жума
15 декабрь
Жеке саны
20 тыйын

КК(Б)Ш Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және КК(Б)Ш Петропавл қалалық комитетінің газеті

Тандаулы малшыларға қосымша еңбек ақы төлеу тәртібі дұрыс қолданылсын

Одақтық Халық Комиссарлары Советі «Қазақ ССР колхоздарында төл өсіру және ірі малды сақтау жөніндегі тапсырмаларды асыра орындағаны үшін мал шаруашылығындағы колхозшыларға қосымша еңбек ақы төлеу туралы» бйылғы 24 июнь де арнаулы қаулы алды. Бұл қаулыда 1944 жылдан бастап колхоздарға мал фермаларында жұмыс істейтін колхозшыларға төл өсіру және ірі малды сақтау жөніндегі тапсырмаларды асыра орындағаны үшін белгілі бір мөлшерде қосымша еңбек ақы төлеу ісі ұсынылды.

Үкметіміздің бұл аса зор маңызды қаулысы мал шаруашылығы қызметкерлерін жаңа ерлік істерге жігерлендірді. Колхоз басшыларының, мал өсірушілер мен мамандардың мал шаруашылығына жауапкершілігін арттыра түсті.

Бұл қаулы колхозшылар бұхарасына жете түсіндірілді. Осының нәтижесінде колхоздар мен совхоздарда мал басы едәуір көбейді, оның өнімі молая түсті. Бірталай колхоздар мен совхоздарда төлдің және ірі малдың шығын болуы, малдың қысыр қалуы жойылып, түлік өсіру жөніндегі мемлекеттік жоспар мүлтіксіз орындалды. Мамлют ауданындағы «1 Май» колхозында түлік өсіру жөніндегі мемлекеттік жоспар малдың барлық түрінен артық орындалды. 100 сыйырдан 103 бұзау және әрбір 100 саулықтан 119 қозы алынды. Әрбір сауын сыйырдан бйылғы жылдың он айы ішінде 1100 литр орнына 1148 литр сүт сауылды. Әрбір қойдан 2,5 килограмм орнына 2,7 килограмм жүн алынды. Мұның өзі мал шаруашылық өнімдері жөнінен колхоздың мемлекетпен толық есеп айырысуына мүмкіндік берді. Түлік өсірудің мемлекеттік жоспарын артығымен орындап, оның өнімін арттыруда үздік табыстарға жеткені үшін мал шаруашылығындағы колхозшыларға қосымша ақыға ірілі-усақты 50 мал берілді. Полудень ауданындағы «Стахановец» колхозының малшылары да түлік өсірудің мемлекеттік жоспарын орындауда үздік шықты. Колхозшылардың еңбек күндеріне қосымша ақыға, жоспардан тыс өсірілген мал есебінен 10 ірі кара мал, 40 қой және 20 шошқа бөлініп берілді.

Облысымыздың колхоздары мен совхоздарында аянбай жұмыс істеп, түлік өсіру жөніндегі тапсырмаларды ойдағыдай орындағаны үшін еңбегіне қосымша ақы алған колхозшылар саны күннен-күнге көбеюде. Ленин ауданының Ленин атындағы колхозының шошқа өсірушісі Александра Решетникова жолдас бйылғы 8 мегежіннен 120 торай өсірді. Решетникова жолдасқа қосымша ақыға 5 торай берілді. Қонюхов ауданындағы «Ленинский путь» колхозының шопаны Косованов жолдасқа әрбір 100 саулықтан 113 қозы алып, шығынсыз болады.

өсіргені және әрбір қойдан 2,8 килограмм орнына, 3,3 килограмм жүн алынуын қамтамасыз еткені үшін, қосымша ақыға 11 қозы және 18 килограмм жүн берілді. Преснов ауданындағы «Баян» колхозының жыл қышысы Рақымжан Нұртазин жолдас 32 биеден 26 құлын алып, аман өсірді. Нұртазин жолдасқа қосымша ақыға 256 килограмм астық, бір құлын және 2 қой берілді. Мұндай мысалдар облысымызда көптеп саналады.

Турасын айту керек, бізде озат малшыларға қосымша еңбек ақы төлеу тәртібі әлі күнге толық қолданылмай отыр. Мұның ең басты себептері—колхоздар мен совхоздарда есеп жұмысының нашарлығынан, мал өсірушілердің тұрақтандырылмауынан және кейбір аудандарда, колхоздар мен совхоздарда мал шаруашылығын өркендете беру жөніндегі үкмет қаулысының колхозшыларға жете түсіндірілмегенінен болып отыр. Совет ауданын мысалға алайық. Бұл ауданда еңбек күндеріне қосымша ақы аларлықтай үздік табыстарға жеткен мал өсірушілер аз емес. Бірақ мұнда мал өсіруші 29 қызметкерге ғана қосымша еңбек ақы берілді. Мұндай жағдай Приешім, Соколов, Булаев аудандарында да жоқ емес.

Ал мал шаруашылығы қызметкерлерін тәрбиелеу мәселесіне келетін болсақ, бұл жұмыс бірсыпыра аудандарда бетімен жіберілген. Бір ғана Октябрь ауданында бйылғы жылы мал шаруашылығының 698 қызметкері басқа жұмысқа ауыстырылды. Мұндай жағдай Ленин және Петропавл аудандарында да бар.

Одақтық Халық Комиссарлары Советінің бйылғы 24 июньдегі қаулысы—мал басын өсіре берудің айбынды программасы. Бұл қаулыны мүлтіксіз жүзеге асыру мал шаруашылығын анағұрлым өркендетіп, оның өнімін арттыруды қамтамасыз етеді. Ал бұл қаулыны жұртшылыққа толық түсіндірмеу, оның талабын толық орындамау түлік өсіру жөніндегі мемлекеттік жоспардың орындалмауына және малдың өнімі кемуіне әкеп соқтырады.

Жергілікті совет партия және комсомол ұйымдары үкметіміздің мал шаруашылығы жөніндегі бұл қаулысын колхозшылар арасында кеңінен талқылап, оның маңызын жұртшылыққа жете түсіндіруге міндетті. Сонымен бірге, мал фермаларында есеп жұмысының жөнге қойылуын қадағалау керек. Нақты есеп болмайынша колхозшылардың еңбегі дұрыс есептелмейтінін түсінетін мезгіл жетті.

Міне осы шарттарды жүзеге асырғанда ғана үздік малшылардың еңбегіне қосымша ақы төлеу тәртібі берік қолданылатын болады.

Рига мұғалімдері Сталин жолдастың баяндамасын үйренуде

Латвияның астанасында орта мектептердің мұғалімдерінің мамандығын арттыру жөнінде курстар ашылды. Курсанттардың тілегі бойынша, бұл курстарда оқушылар қазіргі күнде Сталин жолдастың Ұлы Октябрь революциясының 27 жылдығы туралы баяндамасын үйреніп жүр.

(ТАСС).

Солтүстік география қоғамы ұйымдастырылды

Архангельскіде солтүстік география қоғамы ұйымдастырылды. Қоғам солтүстіктің барлық мүмкіншіліктерін халық шаруашылығының хажеттері үшін пайдалануға аса назар аудармақ. Бұл қоғам ең алдымен солтүстік ормандарының байлықтарын зерттеу ісімен шұғылданады.

(ТАСС).

Совет Хабаршы бюросынан

12 ДЕКАБРЬДЕГІ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

12 декабрьде Венгрияда МИШКОЛЦ қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз қатынас жолдарының маңызды торабы, шахта-кен ауданы—ШАЙО-СЕНТ-ПЕТЕР қаласын алды, сол сыяқты ХАЙНАЛОШ, ХЕЛЬМЕГ, ДАМАК, ЗИЛИС, СИРАК, КОПАСФЕЛД, БЕРЕНТЕ, АЛАЧКА, ИСБАНУ, ВАБРО қыстақтарын ұрыспен алды.

Будапештің солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз қатты ұрыстар нәтижесінде ГЕДЕЛЬДЕ қаласы мен темір жол станциясын алды, сол сыяқты БОКОР, ЛЕЦ, РЕМОЦ қыстақтарын алды.

10 және 11 декабрьде Венгрия жерінде 2-УКРАИН майданының әскерлері немістердің 1850 солдатты мен офицерін қолға түсірді. Сонымен, декабрьдің Биен Пине дейін 7 күнгі шабуыл ұрыстары кезінде 2-УКРАИН майданының әскерлері Будапешт ауданында және оның солтүстік жағында немістер мен венгрлердің 7450 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

11 декабрьде әскерлеріміз немістердің 43 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 32 самолеті атып түсірілді.

13 ДЕКАБРЬДЕГІ УРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

13 декабрьде Венгрияда МИШКОЛЦ қаласының солтүстік және солтүстік-батыс жағында әскерлеріміз шабуыл жасай отырып, КАЖМАРК, КЕНИ, ТОМОР, ЛАК, АБОД, БАЛАЙТ, ФИНКЕ, МУЧОНЬ, ШАЙО-КАЗИНЦ, АЛШО қыстақтары мен ХАЛМАЙ, ФИНКЕ, БАРЦИКА темір жол станцияларын ұрыспен алды.

БУДАПЕШТІҢ солтүстік-шығыс жағында әскерлеріміз СУРДОКПЮШПЕКИ, БЭЛАХАЛОМ, ЧЕЧЕ, КУТАШО, НОГРАД-ШИПЕК, ГЕД, ҚИШАЛАГ, ИШАСЕГ қыстақтары мен СУРДОКПЮШПЕКИ, ЧОМАД, ИШАСЕГ темір жол станцияларын алды.

12 декабрьде Венгрия жерінде ВИШНОЛДЫҢ солтүстік жағындағы және Будапештің солтүстік-шығыс жағындағы аудандарда 2-УКРАИН майданының әскерлері немістер мен венгрлердің 1700 солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде барлау жүргізілді және бірсыпыра жерде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды.

12 декабрьде әскерлеріміз немістердің 29 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 11 самолеті атып түсірілді.

Мишколц қаласының солтүстік жағында әскерлеріміз шабуыл ұрыстарын жүргізді. Н. құрамасының жауынгерлері немістерді күшті бекіністі шентерінен қуып шығарды, сөйтіп алға баса отырып, Сендрис қаласының шығыс жағында 5 километр жердегі Абуд қыстағын алды. Әскерлеріміз Шайо өзенінің алқабы бойымен алға баса отырып, бірнеше елді жерлерді ұрыспен алды. Күн тәулік ішінде немістердің 300-дей солдатты мен офицері жойылды және дұшпанның 6 танкі қыйратылды.

Будапештің солтүстік-шығыс жағында қатты ұрыстар болды. Дұшпан өздерінің Венгрия астанасының кіре беріс іргелерін қорған тұрған әскерлерін үздіксіз толықтырып, күшейтуде болды. Совет жаяу әскерлері жаудың қарсы атакаларын тойтара отырып, танктеріміз бен артиллериямыздың көмегімен барған сайын алға басуда. Әскерлеріміз ұрыстар нәтижесінде бүгін Будапештен 11 километр жердегі Қишаларг қыстағын алды. Ишасег темір жол станциясы мен қыстағы үшін қатты ұрыстар болды. Дұшпан бұл қыстақты күшті бекіністі қарсылық көрсету торабына айналдырған болатын. Немістер станция төрегінде көптеген атыс бекіністерін жасап, оларды мина төсеген алаңдармен бүркемеледі. Совет бөлімдері қауыршақ шабуыл жасады. Гитлершілдер қасарыса қарсылық көрсетті. Олар қайткен күнде бұл қолайлы шептен айрылып қалмауға жан таласты. Алайда бұл жерде немістер талқандалып, кері шегінді. Ишасег үшін ұрыстарда әскерлеріміз жаудың 2 батальон жаяу әскерлерін жойып, немістердің 8 танкін өртеді. Немістерден 9 зеңбірек, 46 пулемет, 28 миномет, 400ден аса винтовка мен автомат және басқа олжа қолға түсірілді.

Шығыс Пруссияда неміс отрядтары түрлі учаскелерде совет әскерлерінің шептерін барлауға тырысты. Алдыңғы атқыштар бөлімшелеріміз немістерді дер кезінде көрді де, мылтықтар мен пулеметтерден оқ атып, оларды тозғындатты. Жаудың бір ротадай жаяу әскерлері жойылды. Мұнымен қатар мергендеріміз 49 немісті қырып салды. Совет истребительдері мен штурмшылары бомба тастап және зеңбіректерден оқ атып, дұшпанның 8 паровозын, 10 ва-

гоны мен 25 автомашинасын жойды.

Михальовце қаласының батыс жағында бөлімшелеріміз артиллерияларымыз бен минометтеріміздің нәсерлете оқ атуының көмегімен немістер тұрған жерге басып кірді. Қолма-қол айқастың нәтижесінде совет жауынгерлері дұшпанның тракторлар мен тіректі қорғану бекіністерін алды. Немістер жағдайды қалпына келтіруге тырысып, ұрысқа жаңа резервтерін жұмсады, сөйтіп әлде неше рет қарсы ата қаға шықты. Бөлімшелеріміз жаудың қарсы атакаларын тойтара отырып, алынған шепті өз қолдарында берік ұстап тұр. Немістерден 11 зеңбірек, 2 тягач, 7 миномет қолға түсірілді. Жаудан адамдар қолға түсірілді.

Солтүстік флоттың кемелері дұшпанның екі сүңгуір қайығын суға батырды.

Немістердің 271-жаяу әскер дивизиясының 978-полкындағы 2-ротаның қолға түсірілген унтер-офицері Иоганн Фред былай деді: «271-жаяу әскер дивизиясы бйылғы көктемде Францияда құрылып, батыс майданда ұрыстарға қатысты. Жақын арада дивизияның батыс майданнан алып, Трнава қаласы ауданына (Чехословакияда) жөнелтті. Мұнда дивизияның бөлімдері толықтырылып, оның барлық бөлімшелері жаңа автоматтар мен пулеметтер алған болатын. Ноябрьдің аяқ кезінде 977-, 978-және 979-жаяу әскер полктерін, 271 артиллерия полкін және басқа арнаулы бөлімшелерді ертіп шығып, дивизия Венгрияға жүріп кетті. Бізге майданда, дивизияның міндеті—шептерді табандылықпен қорғап, бірде-бір адым кері шегінбеу деп жариялады. Біз күндіз-түні бірдей әбгерлену жағдайында болдық. Міне осыған қарамастан орыстардың шабуыл жасауы бізді есімізден тандырды. Олардың артиллерия дайындығы бізді ойсырата шығынға ұшыратты, сөйтіп біздің әскери сапымызды тозғындатты. 2-ротаның көптеген солдаттары оқолтарға барып, жер бауырлап жатып алды, сөйтіп олар бастарын көтеруге қорықты. Біз мұнда қашан орыстар неміз бізді тұтқынға алғанға дейін жата бердік».

Коммунистер мол егін үшін күресте

КС Коммунистері көктемгі егіске әзір-жұмысын тікелей өздері басқаруда. ҚА МТС тракторларды жөндеу жөніндегі бригадалар құрылды. Булар трактордың жүрделі бөлшектеріне қарай цехқа, эвеноларға бөлінді. Бригада мүшеле-жі өзімен жұмыс істейді. Олардың іші еңбек істеуіне мүмкіншілік жасал-ды. Жатақ үйлер оңдалып, озаттар үшін е бөлмелер ұйымдастырылды. Бір сме-на істейтін жұмысшылардың бірыңғай ұйымы ескерілді. Өйткені бұл көпшілік-сая жұмысын жүргізуге өте қолайлы. Эр-жатақ үй мен цехтарға 7 үгітші таға-далды. Олар тәжірибелі үгітшілер. Үгітшілер барлық цехтарда табыс тақ-арыны ұйымдастырды. Үш күнде бір рет ынгерлік листоктар, он күнде бір рет ырга газеттері шығарылады. Оларда ал-ғы қатарлылардың іс тәжірибесі жазы-л. Басқалардың игілігіне айналдырыла-ды. Жұмыс аяқталған соң 10—15 минут-өңгіме өткізіліп, бір күнде істелген жу-мыс қорытылады.

Ленин жолдастың тарихи баяндамасы С жұмысшылары арасында саяси және

өндірістік зор өрлеу туғызды. Социалистік жарыс мейлінше кең өріс алды. Коммуни-стер мен комсомол мүшелері еңбек өнімін арттыруда үлгі көрсетті. Соның нәтижесін де трактор жөндеудің тоқсандық жоспары артығымен орындалды.

Отан соғысының мүгедегі, үгітші ком-мунист Кокарев жолдас басқарған бригада күнделік тапсырманы үнемі 120 процент орындайды, ал Кокарев жолдастың өзі жұмыс мөлшерін үнемі артығымен орындап жүр. Екінші бригаданың мүшесі комму-нист М. Воропаев жолдастың тәжіри-бесі трактор жөндеушілер арасында өріс алды. Тракторшылардың көпшілігі күндел-лік тапсырманы толық және артығымен орындап жүр.

МТС жұмысшылары трактор мен ауыл ша-руашылық машина-саймандарын тез әрі сапалы жөндеп, көктемгі егісті мол өзір-лікпен қарсы алып, оны сапалы өткізу, сөй-тіп мол егінің берік негізін жасау үшін күш-қайрат жұмсауда.

М. ЧУПРАЧЕВ,

Мамлют ауданы Чапаев атындағы МТС партия ұйымының секретарі.

Үгіт-көпшілік жұмысы кеңінен өрістеуде

Ленин жолдастың Улы Октябрь социа-тік революциясының 27 жылдығы тура тарихи баяндамасы мен бұйрығын оқып ену жөнінде үйірме ұйымдастырдық. Әмеге коммунистер мен комсомол мүше-лен және партияда жоқ колхозшылар 21 адам қатысып жүр. Үйірменің жұмысы аптасына бір рет өткізіледі.

Коммунистер мен комсомол мүшелері өз-інің бос уақыттарын оқу үйінде өткізе-ді. Онда олар газеттерден отан соғысы ырларының ерлік істері туралы және ыет Хабаршы бюросының мәліметтерін айды. Халық аралық жағдай жөнінде ыциялар оқылып тұрады.

Колхозшылар арасында үгіт-көпшілік жу-мысы мейлінше өрістетілді. Бұл жұмыста үгітшілер іс үлгісін көрсетіп жүр. Олар Сталин жолдастың баяндамасы мен бұйрық-тарын көпшілікке түсіндіріп, колхозшылар-ды қажірлі еңбекке жігерлендіруде. Үгітші коммунист Қ. Агажанов, комсомол мүшесі Қозыбаева жолдастар үгіт-көпшілік жұмы-сын ойдағыдай жүргізумен бірге тынбастан еңбек істеп, берілген тапсырманы екі-үш есе артығымен орындауда.

Н. ЖОЛДЫБАЕВ,

Ленин ауданындағы «Еңбек» колхозы бастауыш партия ұйымының секретарі.

ПӘРМЕНДІ ҮГІТТІҢ НӘТИЖЕСІ

Совет ауданының «Еркіндік» колхозы нындағы бастауыш партия ұйымы (сек-ретарі Естаева жолдас) Сталин жолдастың тарихи баяндамасы негізінде үгіт-насихат-шыстарын қайта құрды.

Колхозшылар арасында көпшілік-саясат-мысын жүргізу үшін бес үгітші бөлінді. Эр Мемлекеттік Қорғау Комитетінің ысәдетелі Сталин жолдастың Улы Ок-тябрь социалистік революциясының 27-жылдығы туралы баяндамасын көпшілікке-ге үйретті, колхозшыларды жанқиярлық-пен еңбек етуге шақырды, батыр жауын-деріміздің ерлік істерін үлгі етіп, социа-лістік жарысты кең өрістетті.

Үгітшілер малшылар мен қар тоқтатушы-лар арасында шаруашылық машина сай-ымдарын жөндеуші колхозшылар арасы-нда табыс тақталарын ұйымдастырып, жа-уынгерлік листоктар шығарады. Колхоз-клубы жанынан қызыл мүйіз ұйымдасты-рылды. Оның іші урандармен безелді. Клубта газет-журналдар бар. Колхоз мү-шелерінің өндірістік мәслихаттары жи-і өткізіліп тұрады.

Үгітшілер Садуақасова, Омарова жолдас-тар тынбастан еңбек істеп, жұмыс тапсыр-масын екі-үш есе артығымен орындайды, сөйтіп олар басқаларға үлгі көрсетуде.

Пәрменді үгіт нәтижесінде қыстау қасы-на қысқа керекті мал азығының 62 проценті үйілді. Егін алаңының 112 гектарына қар-тоқтатылды. Колхозда 3 соқа, 12 борона жөнделіп бітті. Жұмыс көліктері осы бас-тан жемге қойылды.

К. ЖАҚЫПОВ.

Картоп егісінің көлемін ұлғайту

Колхоз, совхоздарда, көмекші шаруашы-лықтарда және жұмысшылар мен қызмет-шілердің меншікті оғордтарында соғыс-жылдары картоп егісінің көлемі анағұр-ым ұлғайды. Армян, Грузия ССРлары, ысқва, Горький облыстары және басқа-ғыстар картоп егісінің көлемін тек арт-тып ғана қойған жоқ, сол сыяқты бұл-нымен неғұрлым мол өнім алуға жетісті. Сонымен қатар, кейбір облыстарда кар-топ егісінің тұқымын молайту ісіне жете-рік аударылды.

КСРО Халық Комиссарлары Советі қар-топ егісінің мол өнім беретін түрлерін не-ғұрлым көп егу қазіргі басты міндет деп-сіндейді. Алдағы үш жылда колхоздар-да совхоздар бұл егістің мол өнім бере-ретін түрлерін егу ісімен жаппай шұғылда-на тиісті. Жәй картопты жоғары сапа-лы мол өнім беретін картоп түріне айыр-

бастау ісі ұйымдастырылады. Жыл сайын картоп егісін міндетті түрде сұрыптау жү-зеге асырылмқ. РКФСРдың, Украина мен Орта Азия республикалары облыстарының бірқатар колхозларына 1945—46 жылдары картоп егісі үшін егіс көлемінің 20 про-центіне дейінгі мөлшерде тұқымдық учас-ке бөлуге рұқсат беріледі. Колхоздар мен совхоздар тұқымдық учаскелер үшін сапа-лы жер әзірлеуге және жоғары агротех-никалық шаралар қолдануға тиіс.

Институттарда, селекциялық-тәжірибе-станцияларында тағы басқа осы сыяқты ғылыми-зерттеу мекемелерінде жоғары сапа-лы картоп тұқымын өсіру ісі ұйымдасты-рылады. Эрбір облыста тұқымдық рассад-никтер жасалады. Картоптың мол өнім бе-ретін түрлерін ойлап тапқаны үшін селек-ционерлерге сыйлықтар беріледі.

(ТАСС).

„ЕҢБЕК“ КОЛХОЗЫНЫҢ МАЛШЫЛАРЫ

Кәкі Оспанова жолдас «Еңбек» кол-хозының (Ленин ауданы) қой фермасының меңгерушісі. Ол осы колхозда 10 жыл бойы сауыншы болып жұмыс істеді. Бұл жылдар ішінде бірнеше рет сыйлық алды. Облыстық советтің депутаттығына сайлан-ды. Кәкі 1940 жылдан бері қой фер-масын басқарады. Ол үнемі отар басында болады.

Кәкі басқарған қой фермасы қыс болса жылы қора, қунарлы азықпен қамтамасыз етіледі. Ферма быйылғы мал қыстату маусымына толық әзірлікпен кірісті. Бар-лық қой қоралары жөнделіп, жылытылды. Қой қоралары жапына 3500 центнер пі-шен тасылып үйілді.

Кәкі басқарған қой фермасының көпте-ген таңдаулы шопандары бар. Бас шопан Малатай Әлиев қартты бүкіл аудан біле-ді. Ол быйыл 50 ешкіден 100 лақ алды. Әлиев жолдастың еңбек күніне қосым-ша ақыға бір ешкі және үш лақ берілді. Шопан Қозыбай Оралдин қарт 69 жаста. Ол 11 жылдан бері қой бағып келеді. Бй-ыл 100 саулықтан 125 қозы алып, олар-ды шығынсыз өсірді.

—Қартым деп отыратын кез емес,— дейді Қозыбай қарт. Қызыл ерлеріміз ер қаруын асынып, фашистерді талқандап жатқанда ел ішінде жаи аямай еңбек ету-ден асқан аброй жоқ.

Кәкі басқарған қой фермасында қазір 660 қой-ешкі бар. Ал қой өсіру жөніндегі мемлекеттік жоспар бойынша 610 қой бо-луға тиіс еді.

«Еңбек» колхозының мал фермасы да соғыс жылдарында алып адыммен өркен-деп келеді. Бұл фермада қазір 310 қара мал бар. Қара мал фермасын Жумабек Мусин жолдас басқарады. Бұл фермада Тышанбаева жолдастың сауыншы болып істей бастағанына 12 жыл болды. Быйыл Тышанбаева жолдас 15 сыйырдан тұяққа-тұяқ өсірді, сүт сауу жоспарын мерзімінен бұрын орындап шықты. Тышанбаева жол-дас өз қарауындағы сыйырларды өзі ба-ғып қағады, олардан алынған төлдерді қамқорлықпен күтеді. Быйыл ол қарауы-ндағы сыйырларға қыс маусымына жететін пішенді өзі тасып алды. Мал шаруашылы-ғындағы осындай қажірлі еңбегі үшін Ты-шанбаева жолдас Қазақ ССР Жоғарғы Советінің грамотасымен екі рет наградтал-ды. Быйыл колхоз басқармасы оған сый-лыққа бұзаулы сыйыр, бір қой берді.

Колхозшылар Қали Қыдыралин қартты медальді жылқышы деп атайды. Демек, оны үкметіміз медальмен наградады. Қыдыралин қарт басқарған жылқы фермасында 300 жылқы бар. Бұл мемлекеттік жоспардан анағұрлым артық. Жылқышы Жумаш Оралдин қарт быйыл 40 биеден 40 құлын өсірді.

Қазір қысқы жайылымда 250 жылқы бар. Жылқышы Қыдыралин қарт колхоз жылқысын шұрайлы жерлерге жайып жүр.

Кеменгер көсеміміз Сталин жолдас та-рихи баяндамасында ел еңбекшілерінің жан қиярлық еңбегіне зор баға берді. Бұл бағаға «Еңбек» колхозының малшы-лары да ортақ. Олар көсеміміздің баян-дамасымен жігерленіп, жігерге-жігер қо-сады, сөйтіп колхоз мал шаруашылығын барған сайын өркендете береді.

И. УӘНІСОВ,
Ж. ОСПАНОВ.

Ағылшын самолеттерінің Германияға шабуылы

ЛОНДОН, 12 декабрь. (ТАСС). Англия авиация министрлігінің хабары бойынша, «Москито» бомбашыларының ірі құрамала-ры 12 декабрьге қараған түнде Ганновер мен Гамбургке шабуыл жасаған. Мұнымен қатар Батыс Германиядағы басқа соғыс орындары да бомбаланды. Бұл урне қы-мылдарынан кейін ағылшынның бір самоде-ті өз базасына қайтып келмеді.

Майданекте жауыздық істеуге қатысқан гитлершілерге сот болып жатыр

ЛЮБЛИН, (ТАСС). Майданекте сура-нып жауыздық істеген алты неміс-фашист қарақшыларға болып жатқан сот мәжілі-сінің үшінші күні, кеше сот прокурордың талабы бойынша, куәлердің жауабын тың-дады.

Неміс-фашистердің Майданекте істеген айуандықтарын зерттеу жөніндегі Польша-Совет комиссиясының бас секретарі, куә Соболеский жауынгерлік цифрлар-ды атап, фактілер келтірді.

—Біз,—деді Соболеский,— 18 орды ашып, олардан азапталып өлтірілген бір-жарым миллион адамның өлігін таптық. Немістер әйелдерді, қарттар мен балалар-ды жаппай қырғынға ұшыратқан уландыр-ғыш заттардың Майданекте жүргізілген есе-бі мынаны көрсетті: запасқа қалдырылған уландырғыш заттар тағы да ең кем деген-де 4 миллион адамды уландырып өлтіруге жетерліктей. Майданекте 6 алаң жасалған. Бұл алаңдар немістер өртеген тұтқындар-дың күлімен тыңайтылатын болған. Неміс-тердің қолымызға түскен жоспарлары, гит-лершілердің тағы да осындай екі алаң жасамақшы болғандығын сипаттайды.

Куәлердің жауабына қарағанда, Майда-нек жүз мыңдаған адамдарды айуандық азапқа салып, қорлап, тұншықтырып өлті-ретін жер ғана емес, сондай-ақ неміс-фа-шист қарақшылардың миллиондаған мал малданып, мүлік немденетін жері болған. Табылған документтер бойынша, бұл жер-ден Майданекте өлтірілген адамдардан алынған 18 вагон әртүрлі мүліктің Герма-нияға жөнелтілгендігі анықталды. Доку-менттердің арасында өлтірілген әйелдердің, ерлер мен балалардың мүліктерін (әсіресе киімдерін) алу жөнінде неміс әйелдері мен немістердің жазған 200ден аса арыздары табылды. Әсіресе балалар мінетін арбалар-ды сұрап жазған өтініштер мейлінше көп түскен көрінеді. Өйткені бұл жерде мұн-дай бірнеше мың арба бар еді. «Гестапо-ның балаларды аналарының қолынан жұлып алып, оларды крематория пешіне тірідей тастағандығы мен өз көзіммен көр-дім,—деп мәлімдеді сотқа куә Минц. Әс-ресе емшек балаларын өлтіру тіпті жан-түршігерліктей болды. Крематория алды-ндағы алаңдарға машиналар тек легімен ке-ліп, олардың ішіндегі балалар жерге құла-тылды. Бұдан соң немістер балаларды үй-бетілген иттерге талаттырды. Олар бұл бақытсыз балаларды крематорияға сүйреп-апарды. Мұны көргенде көп адамдар есі-ден танды».

Бұл іс бойынша жауапқа тартылған на-ғыз жауыз айыпкердің бірі, өз қолымен мыңдаған адамдарды өлтірген қаныпезер Пульманның түрмеде асылып өлгендігі тү-рәлі сот хабар алды.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.

«Ударник» кино-театрында
Бүгін және күн сайын
«АҚЫРҒЫ ТҮН»
деген көркем суретті, дыбысты фильм көрсетіледі.
Сеанстар кешкі сағат 6—8—10да басталады.
Касса күндізгі сағат 3тен бастап ашық.

«Октябрь» кино-театрында
Бүгін және күн сайын
«УЛЫ АЗАМАТ»
деген көркем суретті, дыбысты фильм көрсетіледі.
Сеанстар кешкі сағат 4—6—8—10да басталады.
Касса күндізгі сағат 3тен бастап ашық.